

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 349 қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н. Т. Төреғалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

2015 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 349

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің қаулысына

қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізімі

1. 2010 жылғы 10 қарашадағы № 246 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің " Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 20 шілдедегі № 174 қаулысына толықтыру енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3055 тіркелген, 2010 жылғы 25 қарашадағы "Орал өңірі" газетінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

2. 2014 жылғы 14 тамыздағы № 212 "2014 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3622 тіркелген, 2014 жылғы 30 тамыздағы "Орал өңірі " және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

3. 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 87 "Батыс Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау

қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3908 тіркелген, 2015 жылғы 23 мамырдағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

4. 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 88 "Батыс Қазақстан облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3909 тіркелген, 2015 жылғы 23 мамырдағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

5. 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 109 "Батыс Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3921 тіркелген, 2015 жылғы 27 маусымдағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

6. 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 110 "Батыс Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3922 тіркелген, 2015 жылғы 27 маусымдағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы;

7. 2015 жылғы 8 шілдедегі № 170 "Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған тлпырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3947 тіркелген, 2015 жылғы 18 шілдедегі "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысы.